




АУДА
ДЫЖА
АЙТКЫШТАРЫ



АУЫЛДЫҢ айтқыштары

Бірінші кітапша

Құрастырған — ЖАНАТ ЕЛШІБЕК



Алматы «Өнер» 1993

Редакторы — Б. Хабдина

А 91 Ауылдың айтқыштары.— 1-кітапша / Құраст.
Ж. Елшібек.— Алматы: Өнер, 1993.— 56 бет.

ISBN 5-89840-577-1

Ел іші, халық арасы қашанда сөзге ұста, тауып сөйлейтін шешендер мен айтқыштарға кенде болмаған. Қара сөздің қадірін білетін халқымыз оларды әрқашанда бағалай білген, айтқандарын ауыздан ауызға таратып, жадында ұстаған. Бұл шағын кітапшада ауыл айтқыштарының ұтымды да ұшқыр, қисынды сөздері, орынды әзіл-оспақтары жинақталып беріліп отыр.

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.

ББК 82.3 Қаз.

А $\frac{4702250201-38}{409(05)93}$ жосп. тыс шыққан — 93

ISBN 5-89840-577-1

© Елшібек Ж., құрастырушы, 1993

*Тілге шешен, сөзге ұста Жолдас
есімді әйгілі айтқышты Торғай өңі-
рінде білмейтін адам кемде-кем.
Оның уытты әзілдері, тауып айтқан
сөздері әлі күнге дейін ел аузында.
Төменде солардың кейбірін назар-
ларыңызға ұсындық.*

«ҚАЙСЫСЫНДЫ ТЫНДАЙЫН?»

Жолдас колхоз төрағасы болып қызмет еткен жылдары бірде аупарткомның бюросынан сөгіс алып келе жатса керек. Ол кезде Торғай даласында жұрттың әр көлді немесе әр өзенді сағалап, киіз үй тігіп, алқа-қотан отыратын кезі. Жолдас салт атты күйінде ауыл шетіне ене бергенде, оны аңдап қалған ауыл адамдары:

— Басқарма келе жатыр. Басқарма, басқарма! — десіп, бір-біріне хабарлап, шуласып қалса керек.

Жөкең аттан түспестен жұртты жинатып алып:

— Әй, ағайындар, мен ғой жаңа аудан басшыларының алдынан шықтым. Олар маған осы колхозды дұрыстап «басқар» деп тапсырды. Ал сендер «басқарма», «басқарма» деп шуылдайсындар. Сонда мен қайсысынды тыңдауым керек? — депті.

ҚАТЫНЫ ЖОҚ АУЫЛ

Жолдас көп жыл қызмет еткен колхозынан нақак жала жабылып, басқа бір колхозға ауысуға мәжбүр болыпты. Оған тағылған кінә: бір әйелмен көңілdestігі болса керек.

Жаңа ауылға оны аупартком хатшысы ертіп келеді. Олар жиналыс басталғанша бір үйге түсіп, сусындап отырады. Жаңа басқарманы көргісі келген ауыл әйелдері кезек-кезек киіз үйдің есігінен сығалап маза бермепті. Бір сәт Жөкең бір көріктілеуін қасына шақырып алып:

— Иә, қарағым, сен мұнда қайдан жүрсің?— деп сұрапты.

— Көтек, қайдан жүргені несі, осы ауылдың қатынымыз.

— Әр жағында тағы әйелдер бар ма?

— Бар болғанда қандай.

— Ойбай-ау, тағы құрыдым ғой мен сорлы. Мына райком мені бұл ауылда қатын жоқ деп әкелмеп пе еді?— депті Жөкең.

КӨК БИЛЕТТІ ҚЫСТЫРЫП...

Бірде Жөкең шаруашылық мәселесі жөнінен үлкен кемшілік жіберіп, аупарткомның бюросына түседі. Бюродан шығып келе жатқан Жөкеңнен жалған жанашырларының бірі жалбақтап:

— Иә, Жөке, аман-сау құтылып шықтыңыз ба?— деп сұрайды.

— Иә, шырақ, көк билетті к... ке қыстырып шықтық қой,— дейді бұл жарықтық.

Ол кездегі партбилеттің түрі қызыл емес, көк болса керек. Жөкеңнің бұл сөздері аупарткомның бірінші хатшысына да жетеді. Ол Жөкеңді шақырып алып:

— Басқа әзіліңнің бәрін кешірейік. Рас болса, мынауың ел есітпеген сұмдық қой,— депті шынымен налып.

— Япырмай, мына жұрт кісіні тірідей өлтіретін шығар, түге,— депті Жөкең де шімірікпестен.— Көк билет қалтада қалып, к... і қыстық қой дегенім рас еді. Қалай бұрып ала қояды бұл иттер?!

«АУЫЛ БЕЙБАСТАҚТАРЫ»

Араққа тыйым салу науқаны Жөкеңнің кезінде де жүрген екен. Бірде аудан басшыларының бірі іссапарға келіп, сол кісінің үйіне түседі. Ас түсіріліп, ет туралып жатқан сәт болса керек. Жөкең арақ құяйын десе, басшыдан қаймығады, құймайын десе, өзінің ішкісі келіп барады. Ақыры ауызғы бөлмеге қарап:

— Тәйт, әрмен кет әрі! — деп ақырыпты.

— Ол кім, Жөке, кірсін — дейді мейман сыпайыгерлік танытып.

— Жә, осы ауылдың бейбастақтары ғой, түтін аңдып жүрген,— депті Жөкең.

— Е, келсін, кірсін. Ет жетеді ғой,— дейді қонақ тағы қарап отырмай.

— Жоқ, ойбай болмайды. Ол пәлелер сыйлы қонақ отыр екен-ау деп сыпайылық сақтауды білмейді. Бәлесіне қалармыз. Шетінен тентек немелер.

— Ту, Жөке-ай, тентектік жасап не бүлдіре қояр дейсіз. Келсін, келсін.

— Ұят қой енді...

— Ұят түгілі, түгі де жоқ,— деп енді басшы қасарысады.— Келсін,— дейді ақыры дауысын көтере.

— Жарар енді, Жөке, сіз айтқан соң амал жоқ қой енді. Тек кейін кінәлі ете көрмеңіз. Жәмилә, әй, Жәмилә, ана жүгірмектерді жіберші бері. Ағаларына сәлем берсін,— дейді Жөкең.

Сөйтсе әйелі подносқа салып, кеселерін сыңғырлатып, екі-үш шиша арақ әкеліпті.

— ???...

ТЕРІС ҚАРАП ОТЫРУ

Жөкең ел аралап жүріп бір үйге түсе қалса, төрде жатқан көрпеше теріс салыныпты. Әлгі кісі үп-үлкен басымен теріс қарап отыра кетеді. Үй иесі сасқалақтап:

— Жөке-ау, мұныңыз не, теріс қарап отырғаныңыз?— дейді.

— Қайдам, келін көрпені солай қаратып жайған екен, сосын тамақты да қабырғаға қарап отырып ішетін шығармыз деп ем,— депті Жөкең түк білмегенсіп.

ТАРЫ ЖЕЙТІН УАҚЫТ

Тағы бірде Жөкең қасындағы жолдастарымен басқа ауылдағы туысының үйіне келіп қонады. Тұрмыстың тапшы кезі. Ол кезде Торғай өңірінде бидай наны деген атымен жок. Шығыр айдап, азын-аулақ тары себетін шақ. Үй иелері тым кеш болып қалғандықтан мал союға ерінген бе, әлде сараңдығы ұстады ма екен, кім білсін, әйтеуір құр шай мен тары сөк беріп жатқызыпты.

Таң біліне Жөкең елден бұрын тұрып, жұрттың үстіндегі көрпелерін жұлып алып, бір жерге үйіп, өзі соның үстіне қонақтап, тауық болып қыт-қыттаса керек. Ұйқылы-оюу жұрт үрпиісіп:

— Жөке, мұныңыз не сұмдық тағы?— деп сұраса:

— Е, біз тауық емеспіз бе, тары жейтін уақытымыз болды ғой,— депті.

Үй иесі кешірім өтініп, қой сойып, қонақ етіп жіберген екен деседі.

«ПЕШКЕ ЖАҚЫН ЖАТ»

Жөкең бірде Қостанайдың алай-түлей қарлы боранына ұшырап, айдалада, қар астында қонып қалуға мәжбүр болыпты. Қасында хатшы бала бар екен. Сол байғұс:

— Аға, жаурап барам... Аға, тоңдым...— деп қайта-қайта қыңқылдай берсе керек.

— Е, қарағым, тоңсаң, пешке жақын жат, жылынарысың,— депті жарықтық, ажал аузында жатса да әзілін тыймай.

«КАЛЕНЕН СДОХ!»

Жөкең орыс тіліне шорқақ екен. Ауылнай болып жүрген жылдарында Бүкілодақтық староста атанған М. И. Калинин қайтыс болады. Тап сол жылы бұл ауылға көмекке келген орыс механизаторларының бригадасы бар екен. Аупартком бастығы соларға қазаны естіртуді Жолдасқа жүктемей ме. Жөкеңнің сонда ағайындарға көңіл айтқан түрі мынау екен:

— Таварыштар, нишауа не поделамайш, таварыш Каленен сдох!

Өмірі малмен көзін ашқан кісі «өлді» деген сөздің «сдохтан» басқа баламасын білмесе керек.

БІР ҚЫСҚА ЖЕТЕТІН ШӨП

Бірде Жолдасты аудан басшылары біліміңізді көтересіз деп, облыс орталығы Қостанайға бір айлық оқуға жіберіпті. Содан оралған сәтінде ауатком төрағасы:

— Қалай, Жөке, біраз білім жинап қайттыңыз ба?— деп сұраса, ол:

— Білім жағын қайдам, қарағым, әйтеуір ала сиырға бір қысқа жететін шөп жинап қайтқаным рас,— деген екен.

Мұнысы — елде еттен басқаны жемейтін сабазыңның бір ай бойы лажсыздан ішкен борщ пен қияр-шиарлар жайлы тұспалдап айтқан түрі екен.

ЖУЫЛМАҒАН ҚОЛ

Жолдастың жұмыстан босап, ешкімге керегі болмай қалған бір кезі екен. Жастайынан ат арқасында жүрген азаматқа бұл аса ауыр тисе керек. Үйіне қонақ келмесе, өзін ешкім елеп қонаққа шақырмаса, ол шаңырақта қандай қызық, қаншалық береке қалмақ. Жөкең тіпті жын-данып кете жаздады деседі жұрт.

Сондай күндердің бірінде ауылға аудан басшыларының бірі келе қалады. Ол түскен үйдің иесі бір момындау, қарабайыр шаруа екен. Жөкеңді әлгі мейманмен сөйлесіп отырсын деп, арнайы кісі жіберіп алдырыпты. Сөйтсе, ол адам Жөкеңнің қызметтен алынуына кесірі тиген жан екен. Жөкең қитығып, әдейі үстіне жаманжұман шапан-шалбар, жыртық күпі киіп келсе керек.

— Жөке, төрлетіңіз!

— Жөке, жоғары шығыңыз!— деп ауыл белсенділері жік-жапар бола қалады.

— Ойбай-ау, естісе райком өлтіреді ғой,— деп Жөкең өз-өзінен күңкілдей сөйлеп, бір жамбастай жылжып дастарқанға жақындай беріпті. Ара-тұра бураша бұрқылдап, аузынан жын шашып, «Уа, раббым!» — деп ақырып қояды дейді.

Жөкеңнің бірдеңе бүлдіргелі отырғанын сезген ауыл қуларының бірі:

— Қандай азамат еді бұл Жөкең. Жазықсыздан жазықсыз қызметтен қуылған соң, осындай бірдеңеге шалдықты байғұс. Ара-тұра ұстап қалатын ұстамасы бар,— депті қонақтың зәресін алып.

Анау да бір қит етсе ер-тоқымын бауырына алып тулағысы кеп тұратын сабаз екен, өз-өзінен осқырынып, тыжырынып, ас алудан бас тартыпты.

Сөйтсе, Жөкеңнің андығаны — еттің туралып біткен шағы екен, табаққа кір-кір қолын салып жіберіп, ет пен жайманы әрі-бері ауыстырып әуреленіпті.

Қонақ одан сайын осқырынады. Сөйтсе, Жөкең қолын іскеп жіберіп:

— Қап, қолымды жумаппын-ау, әлгінде ғана дәрет алып едім,— десе керек.

Мұны есіткен қонақ орнынан атып тұрып, аузын басқан күйі есіктен шыға жөнеледі. Ауыл жігіттері мырс-мырс күліп, апыл-ғұпыл ет жеуге кірісіпті. Тек үй иесі ғана налып:

— Әй, Жөке-ай, қиқарлығыңыз қалмайды-ау,— деп қызараңдап, қонағының соңынан тұра жүгіріпті.

АМАНДАСУ

Жөкеңнің ел арасына тараған тағы мынадай бір әзілі бар. Бірде бір інісінің үйінде қонақта отырып, алдына қойған арақты азсынып айтса керек мұны.

— Ассалаумағалейкүм, арақ! Ант атқыр, есіктен кіргеннен көзіңді алмадың ғой менен қадап! Сен — дарияның суы емессің, осында бүгін Жөкең келеді деп, інім байғұс ақша берді ғой саған санап. Тек сенің бір жары-мес мінезің бар, бірер рюмкеден кейін жаныңдағыларды жүрме сабап. Онда абақты жақын тұр, апарып тастайды қамап. Өзің айналдырған екі-ақ шөлмек екенсің, таң атқанша отырамыз ба қарап, ішіп қояйықшы талап!

Хайдолла Тілемісов.

Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Өндіріс ауылының тұрғыны Маханбет Шөшікұлы артына тартымды сөз қалдырған ақсақалдардың бірі еді. От ауызды, орақ тілді Махаң кез-келген жағдайда суырып салып, тақпақтай-нақылдай жөнелетін. Сауатының болмағандығынан қағазға түспегендіктен, қазір көпшілігі ұмыт бола бастапты. Біз ел арасында әредік айтылып қалатын бірнеше дүниелерін оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік.

САУАЛЫНА ЖАУАБЫ

Шажа Сылқымбектің Жексенбайы мен Маханбеттің бір ойнайтын жағдайы болса керек. Олар орынды жерінде бірін-бірі іліп тастап, төңірегіндегілерді қыран-топан күлкіге көміп отырады екен. Маханбет — соқыр, ал Жексенбай болса — ақсақ.

Бірде Махаң көше ортасымен есегін шоқытып келе жатса, жол жиегінде Жексенбай дамылдап отырған көрінеді. Ол көрген бойда:

— Ей, Маханбет, соқырмысың?— депті. Сонда жалт қараған Махаң:

— Немене, керек жерінді баса алмай шойнаңдап отырмысың?— десе керек.

«КЕМ ЕМЕССИҢ-АУ ШАЙДАН»

Маханбет жол жүріп келе жатып бөктерде отырған малшы үйіне ат басын тірейді. Ойы — сусын ішіп, сәл тынығып алу. Бірақ үйден шыққан жас келіншек ақын-

ның сөзін селқостау тыңдап, қабақ бермей, сусын орнына пісіліп, майы ажыратылған сұйық айран (піскен айран) әкеліп ұсынады. Жас келінге не десін? «Танымасты сыйламас» деген ғой деп, Махаң айранды ат үстінде тұрып басына бір-ақ көтереді. Кесесін қайтып беріп тұрып:

Уа, айран,
Келдің қайдан?!
Әйелдермен ұрысып,
Күбілермен жұлысып,
Айырылыпсың-ау майдан!
Есіл ақтығың болмаса,
Кем емессің-ау шайдан,—

деп, ауызды қолының сыртымен бір сүртіп жүріп кетеді.

Кешікпей үй иесі келіп, болған жайды естігеннен кейін, санды бір соғып, Маханды көрші ауылда түстеніп отырған жерінен қоярда-қоймай алып келіп, арнайы бағлан сойып, жақсылап күтіп жіберген екен.

ҚҰП ЖАРАСТЫ

Қырқыншы жылдардың іші. Қазіргі Ынталы су қоймасының құрылысы қызу жүріп жатқан кез болса керек. Бірде Махаң канал құрылысындағы еңбеккерлер ортасына келеді. Аралап жүріп шеткі қараша үйдегі жиын үстінен шығады. Сөйтсе, Махаңнан есе қайтара алмай жүрген Созақтың ақын келіншегі осында отыр екен. Ол ақынды көре сала басының қасқалығын «таз» деп келемеждеп, жұрт алдында әшкерелегісі келіп:

Енді алғалы отыр ек етімізді,
Ортаға кел, білдірдік ниетімізді.
Мыжырайған топыңды бере салшы,
Тер-май болған сүртейік бетімізді,—

депті. Сонда Махаң мүдірмей:

Рақмет, құдаша, ниетіңізге,
Шым-шым батып барады етімізге.
Топымыздың ішінде жуалдыз бар,
Кіріп кетіп жүрмесін бетіңізге,—

деп төгіп жіберіпті. Келіншек те қайтпай:

Мен болмасам, жайыңды кім сұрайды,
Бір көзің — без, бір көзің жылтырайды.
Өлеңмен-ақ мың түйреп ағызар ем,
Намысқой сарысулықтар құн сұрайды,—

деп жауап қайырады. Сонда Махаң қашанғы әдетімен жайғасып отырып алып:

Орыстардың сөзі екен здрасты,
Түнде жауған ақша қар ізді басты.
Соқыр айғыр болғанда, ақсақ байтал,
Осы жерде екеуі құп жарасты,—

деген кезде, сөзден ұтылған келіншек үйден шыға жөнеліпті. Ол содан былай Махаңмен айтысқа түспесе керек.

БІТПЕС ШАРУА

Ағайын арасында беделі бар, алыс-беріс, сауда-саттықпен көп айналысқан, еті тірі Жылқыбайдың Ерубайы жолы түсіп Арқа еліндегі жекжат-жұрағаттарына бара қалады. Көріспеген көне көздерге сәлем беріп, Төлеп Бұралқыныкіне де соғады. Бұл кезде қарттың ауру жеңіп, үйден ұзай алмай қалған кезі болса керек. Алыстан ат терлетіп келген інісін жібергісі келмеген сыңай танытады. Ерубай рақметін айтып:

— Бәке-ау, асыңызға рақмет. Асығыс едім, Шаруа көп. Бәленге берешек едім, түгеннен алашақ едім. Базарды да шолып шыққым бар,— деп отырғысы келмейді. Сонда Бұралқы:

— Әй, Жылқыбай, он алты жасында асығып атқа мініп едің. Шаруаң әлі бітпеген екен ғой. Содан бері бітпеген шаруа жарты күнде біте қоймас, отыр,— деп өрістен мал алдырыпты. Сөзге тоқтаған Ерубай бар шаруасын жиып тастап, қарттың қасында екі күн жатып, шер тарқатса керек.

Бергентай Нұрмаханов.

Жамбыл облысы.

Марқұм Серік Сейітмағанбетов әдемі ақындығымен бірге өлеңмен де, қарасөзбен де аяқ астынан суырып салатын нағыз әзіржауап айтқыш жігіт еді. Аз-кем жолдас болғанда көп сөздері жадымызда қалды, кейбірі беймаралдығымыздан ұмытылып кетті. Оның өзім куә болған және жолдастардан естіген бірер сөзін қайта жаңғыртып, жұрт есіне салсам деймін.

ҚҰРДАСТАР ҚАЛЖЫҢЫ

Кентауға әр облыстан келген бірсыпыра жігіт кешкілік қартаны ермек етіп отырады. Қазіргі белгілі ақын Аян Нысаналин Серікпен құрдас екен. Құрдастарды сөзбен түрткілеп отыратын Секең Аянға тиісе бастайды.

— Аян ба, шаян ба?— деп бір қояды.

— Әй, көп сандала бермей, картаңды жүр,— дейді Аян.

— Жақтырмасаң, Аралға таям да,— дейді Секең.

Осылай біраз қажасудан кейін Аян ашуланып:

— Әй, енді көп оттама,— дейді шатынай қарап. Қартасын үстелге бір ұрған Серік те:

— Сен өйтіп мені қоттама!— дейді жұлып алғандай. Аян да, басқалар да ду күліп жібереді.

«ОҢБАҒАНЫН АЛА ҒОЙ...»

Аудандық «Толқын» газетінде істейтін Серік бір мекеме басшысы жөнінде фельетон жазады. Бір күні көшеде келе жатса, сол сыналған адамның бір жанашары Серікке кекете тиісіпті.

— Әй, тілші, сен пәленшені кәзитке шығарыпсың. Аты-жөні тасқа басылып шыққан соң, сый-сыяпатты жасаған шығар. Содан бізге де бірдеме бермейсің бе?— дейді.

— Иә, берген,— дейді Серік,— бір оңбаған мен бір атаңа нағылет беріп еді, соның оңбағанын ала ғой!

— Тіліңе шок түссін!— деп анау жүре беріпті.

АТАН МЕН ШАПАН

1970 жылдардың ішінде ақын Зейнолла Шүкіровтың 50 жылдық мерейтойы өзінің туған жері — Арал қаласында өткізілді. Үш күндік тойдың соңғы күнінде ақын иісі Серікке де сөз кезегі тиеді. Сонда Серік:

— Аға! Атан берер едім, атаным жоқ, шапан берер едім, шапаным жоқ. Бірақ өзіңізге әкелген өзекжарды өлеңім бар, соны алыңыз,— деп, тамаша арнау өлеңін оқып береді.

А. Кіребаев.
Қызылорда облысы.

Халық іші қазына екені рас. Әсіресе Сыр бойында әрбір ауылдың өз әншісі мен ақыны ғана емес, өз Қажымұқаны мен Қожанасыры бар десек, қателеспейміз. Мәселен, көп жылдар бойы мектепте ұлағатты ұстаз болған, қазір Алмалы ауылдық Кеңесінің төрағасы Дәулетбек Байдырахманұлы — айтулы ақын, елге белгілі азамат, қысқасы, нағыз сегіз қырлы, бір сырлы жігіт ағасы. Оның табанында тауып айтқан тапқыр сөздері, жүрегінен жарып шыққан жыр жолдары көпке мәлім.

МАНАП АҚЫНҒА ӨЛЕҢМЕН АМАНДАСУ

Дәулетбек ол кезде мектеп директорының орынбасары екен. Аудандық халық ағарту бөлімі оны Қызылорда қаласындағы облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтына бір айлық оқуға жіберсе керек. Қасында ауданнан үш жігіт бар. Барған соң оларға Карл Маркс көшесінің бойындағы жайсыз жатақханадан орын береді. Жатақханаға келген Дәукең бөлінген бөлмеге кірмей тұрып қалады. «Жігіттер, сіздерді қайдам, мен мына жайға жата алмаспын. Бәрібір мұнда түнімен ұйқы жоқ. Жарық барда басымызға дұрыстау баспана іздейік»,— дейді ол. Сөйтіп, бұлар «Қызылорда» қонақүйіне келеді. Қонақүйге келсе, іші толған ығы-жығы адам. Қабылдау орнында «Орын тек қана обкомның активтерінің жиналысына келген кісілерге беріледі» деген жазу тұр. Содан Дәукең қонақүйдің фойесінен сыртқа шығуға беттей бергенде, есіктен халық ақыны Манап Көкенов бастаған бір топ адам кіріп келе жатады. Дәукең дереу амандаспақ болып Манап ақынға қолын ұсынады. Сол кезде Мөкен:

— Дәулетбек, сен Шнелінің ақынысың. Мен болсам, халық ақынымын. Інім, ақынмен ақын жолыққанда өлеңмен амандасу керек,— деп қолын қағып жіберіп, ілгері жүреді. Анадай жердегі құжатқағаз толтыратын үстелге жете бере артына бұрылып, бұған: «Бірінші — өлеңмен амандасасың, екінші — қандай жұмыспен жүрсің, соны айтасың»,— деп шарт қояды.

Сонда Дәулетбек дереу Мәкеңе қарай қадам басып, былай деген екен:

Ақын ең ғой, ағажан, құрыш қолды,
Амандасып қояйық, дұрыс болды.
Қазіргі Жаңақорған Көкенові,
Бұрынғы ЦеКа-мыздың Хрущевы.
Келіп ем Қызылорданың ИУУ-ына,
Қашып кетті оқудың қиюы да.
Жатын жайды жағалап іздеп жүрмін,
Қонақүйге қиын боп сыюым да...

Тындап тұрған жұрт ду күледі. Өйткені Манап ақынның Хрущевтан айнымайтыны ақиқат еді. Мұндай амандасуға көңілі толған Манап ақын:

Жөн болды жырды төгіп, селдеткенің,
Орынды уәж айттың, «әуре» етпедің.
Шақырды обком бір жағы — Жаңақорған,
Бір жағы — Аралымның әулеттерін.
Партаktiv күні ертең болғалы тұр,
Соған келді ақын аған, Дәулетбегім,—

деп інісінің қолын алып, жанында тұрған термеші Есіркеп Қоңқабаевқа қарап: «Біз нешеуміз?» — дейді. Ол кісі: «Төртеуміз»,— деп жауап қатады. «Онда «Екі күнге егесі өлмейді, бір күнге арба сынбайды», мына Дәулетбектерге бір бөлмені босатып берейік»,— деп өз қастарынан орын ұсынған екен.

Т о р е б а й Т ұ р с ы н ұ л ы.

Бөлтірік ақынның Нүрдәулет, Бекбай және Қасенбай деген балалары болды. Ең кенжесі Қасенбай жас кезінен-ақ жұлқынып шықты. Әке жолын қуып ақын болмаған мен, алғыр, сөзге шешен, тіпті кейде бет қаратпайтын білгірдің нағыз өзі еді. Ол көп жыл Кеген өңірінде білім саласында басшы қызметте болды. Өмірінің соңғы кезінде Жалаңаш мектеп-интернатында директор болып істеді. Ел аузында оның талай қызық әңгімелері, асыл сөздері қалды. Солардың бірнешеуін оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

«ЖАҚСЫ ОҚЫТСАҢЫЗ...»

Аудандық тұтынушылар қоғамының тауар сақтайтын қоймаларына кіру үшін арнайы рұқсат қағазы талап етілетін болыпты да, Қасекең ондай қағазы болмаса да, дарбаза алдында тұрған бұрынғы өзінің оқушысына өктемдік ете сөйлеп, ішке ұмтыла бергенде, әлгі оқушысы:

— Ағай, рұқсат қағазыңыз болмаса, жібермеймін,— деп қасарысып тұрып алыпты.

— Қалай? — дейді Қасекең.— Сен менің кешегі оқушым емессің бе?

— Әй, ағай-ай! Егер сіздер жақсы оқытсаңыздар, мен өстіп есік бағып тұрар ма едім?

Қасекеңнің кері шегініп кетуден басқа амалы қалмапты.

«Р»-Ы ЖОҚ ҚОЛХОЗ

Бірде Қасенбай жолы түсіп Нарынқолға барады. Жалпы Кеген мен Нарынқолдың азаматтары — ішек-қарындай аралас-құралас, сырдеспе жандар. Нарынқолдың кадрлары Кегенге, Кегеннің кадрлары Нарынқолға келіп, ауыс-күйіс болатын да жататын.

Аудандық партия комитетінің кеңсесінде Қасекең Кегеннен Нарынқолдағы бір колхозға төраға болып ауысқан Байғозиев Ілияспен ұшыраса кетеді. Замандас, құрдас адамдар. Аз-кем шүйіркелескеннен кейін Қасекең: — Ілияс, қазір қайда істеп жүрсің? — деп жөн сұрайды.

«Р»-ға тілі жөнді келмейтін Ілияс: «Пағытсезде-мін» — дейді. Оның «партсезд» екенін түсінген Қасенбай:

— Ай, байғұс-ай, сонша жерден келіп, «р»-ы жоқ басқа бір колхозға-ақ бармадаң ба, сонша жаныңды қинамай-ақ, — депті.

Жиналған жұрт қыран-топан күлкінің астында қалыпты.

«ШЫН АТЫҢДЫ АЙТ»

Қасекеңнің Талғардағы орта мектепте директор кезі екен. Сол жылы қыс қатты болса керек. Әзіл-қалжың жарасқан бір құрдасы Талғарға әлдебір жұмыспен келе қалады. Ол кезде қонақ үйі бола бермейтін. Қасекеңнің Талғарда тұратыны ойына сап етіп түсе кетеді. Түннің едәуір уағы болып қалса керек. Далада бет қаратпайтын суық. Кенет есік қағылады.

— Кімсің? — Бұл Қасекең үйінен шыққан дауыс.

— Мен, мен ғой, Қасеке! — деп, әлгі құрдасы есімін айтады.

— Жоқ, ондай есімді адамды танымаймыз.

— Ей, шынымен-ақ танымай тұрсындар ма? Мен
гой, мен,— деп ол тағы есімін қайталайды.

— Ол — сенің жалған атың. Үйге кіргің келсе, шын
атыңды айт,— дейді Қасекең әдеттегідей қалжыңға
басып.

— Майтабанмын,— дейді әлгі құрдасы амалы қал-
май. Олай демесе, қақаған суықта тұра берер ме еді,
қайтер еді?

Сонда барып Қасекеңдер отбасы есіктерін ашып,
мезгілсіз мейманды қарсы алыпты. Ал Майтабан Қасе-
кеңнің әлгі құрдасына қойған аты болса керек.

Ә б д і - М а н а п И м а н қ ұ л о в.

*Шиелі ауданындағы «Еңбекші»
совхозында бір ауыз сөзбен ұтымды
да ұтқыр уәж айтатын шақпа тілдің
шеберлері қашаннан аз болмаған.
Сондай айтқыштардың бірі — Шә-
ріпбек Махатаев.*

ШАҚШАНЫҢ ӘЛЕГІ ✓

Шәріпбек бір жазда Үсен Әбішев деген құрдасымен
бірге совхоздың шөбін жинасып жүреді. Өзі насыбай
ататын болғанымен, онысын ешқашан қалтасына салып
жүрмейтін Үсен: «Шақшаңды әкел»,— деп, Шәкеңнің
қайта-қайта мазасын ала беріпті.

Бір кезде әбден төзімі таусылған Шәріпбек қынжыл-
ған үнмен:

— Шырағым Үсен-ай,— депті басын шайқап,— қан-
ша айтсам да, шақшаңды менің қалтама сап қойғаның-
ды қоймадың-ау...

С. Қ ұ л ы м б а е в.
Қызылорда облысы.

АУЫЗША АРЫЗ

Колхоздастырудың алғашқы жылдарында Қара Базар деген кісіні ауылға басшы сайлапты. Сөзге шешен, іскер болғанымен, сауаты шамалы болса керек.

Содан сауаты бар біреу арыз жазып келеді ғой. Базекең оның арызына қарап біраз отырыпты да, әлгіге: «Шырағым, арызыңның жазбасын ғой оқыдым. Енді осыны ауызша да бір айтшы. Ауызшасын да естиін?..»— деген көрінеді.

ТАУСЫЛҒАН ӘРІПТЕР

Аудандағы рабфакты бітіріп, шалғайдағы ауылға мұғалім болып кеткен Қаспақ аудандық оқу бөліміне былай деп хат жолдапты: «Маған берген 36 (латынша) әрпінді тауыстым. Енді не істерімді білмей отырмын. Тағы да әріптерің болса, жібер».

«ҚАР ЖАУҒАН ЖОҚ»

Жаздың бір ыстық күнінде Қасекең үйінің көлеңкесінде демалып отырғанда, көрші ауылдың бір кісісі ат үстінен амандық-саулықсыз былай деп сұрапты:

— Әй, Қаспақ, Қаржауды көрдің бе?

Қаржау Қасекеңнің көршісі екен. Әйтсе де әлгінің қылығы қытығына тиген ол:

— Қаржауды ма?— деп қайыра сұрапты.

— Иә, иә, Қаржауды,— депті әлгі кісі одан шын хабар күтіп.

— Бізде әлі қар жауған жоқ. Кет, жоғал, қайдағы суықты шақырмай,— деп жекіріп қоя беріпті.

Н. Қожахметов,
Ә. Өмірбайұлы.

«ШАЛҒАЙЫМНАН ШАП БЕРГЕН...»

Асқарұлы Тұрсынбек, Көрібайұлы Бертай, Кәрібайұлы Бақберген (марқұм) — қазіргі «Мәдениет» кеңшарының байырғы тұрғындары, құрдас кісілер. Бірде ауылдағы аурухананың қасында осы аты аталған үш кісі тоқайласып қалыпты. Бақберген совхоздың «Аққолқа» деген жерінен ауысып келіп, ауруханаға жұмысқа тұрған кезі болса керек.

Бірін-бірі қағытуға құмар боп жүрген айтқыштар сәтті уақытты қалт жібермейін десе керек, әуелі Тұрсынбек:

Мына біздің Бақберген
Ауруханаға қайдан тап келген?—

дегенде, Бертай іліп әкетіп:

Аса қажет болғасын,
«Аққолқадан» ап келген,—

депті.

Мұны естіген бойда Бақберген:

Бұл иттерің кім еді,
Шалғайымнан шап берген?—

деген екен.

«ӨЗ АЙЛЫҒЫҢ ЖЕТПЕЙДІ-АУ»

Һәм қызметтес, һәм құрдас Мұхтар Тұрсынбекпен әрдайым қақтығысып, әзілдесе береді екен. Бірде болмаса бірде көңіліне тиіп қалармын, ренжітіп алармын деп, біразға дейін Тұрсекең үндемесе керек. Сонда да Мұхтар бой бермейтін көрінеді.

Бір жолы Тұрсынбектің киіп келген жаңа шалбарын түрткілеп, о жерінен бір, бұ жерінен бір шымшып, Мұхтар:

— Тұрсеке, мынау не тауар? Қымбат-ау өзі, ақша бар болғасын қымбатын киесің-ау,— деп қоймағанға ұқсайды.

Сонда Тұрсынбек:

Тауардың аты — лапсан,
Киерсің оны тапсаң.
Өз айлығың жетпейді-ау,
Зейнетақысын қоспаса,
Әлимаш пен Қапсан,—

депті.

Сөзден тосылған Мұхтар содан былай Тұрсынбекпен байқап әзілдесетін болыпты.

Бақназар Әлімбетұлы.
Қызылорда облысы.

Қараталдың Балқашқа құяр сағасындағы «Сарыесік» балықшы ауылында Шерімбет деген ақсақал тұрады. Қуақы тілді, аңғал қарғ балықшы бүкіл ғұмырын теңіз үстінде, тулаған толқын жалында өткізген. Кейбір қожанасыр қылықтарына орай замандастары оны «Шерімбет-жоба», «Арқанкер шал» деп те атайды. Ауыл тұрғындары арасында «Шерімбет балықшы айтқан екен» деген үзік-үзік әңгімелер көп ақ. Солардың кейбірін назарларыңызға ұсынып отырмыз.

ШЕРІМБЕТ ПЕН ӘЙЕЛІ

Ертеректегі ақшаның құнды кезі болса керек. Бірер сарықұлақ пен көкқұлақтың өзіне дүкенді көшіріп келмесең де, қанарға бергісіз қоржынды теңкітіп қайтатының сөзсіз. Сол ақжарылқап шақта ақшаның санын

тек түсіне қарап айыратын Шекеңнің аңқау әйелі оған 5 сомды ұстатып, дүкенге жұмсайды.

— Ал, дұрыстап айтшы, мынауыңа не сатып алайын?— дейді Шерімбет жалғыз көкқұлаққа көңілі толмай.— Ұмытып қалып жүрмейін, ең қажет дегендерін ғана әкелейін...

— Алдымен екі-үш килә үндің шай алсаңшы. Сосын үш-төрт кесек кір сабын...

— Одан басқа тағы не алайын?— дейді Шекең үстемелетіп.

— Әй, шал-ау, осы үйге қажет нәрсені өзің де білмейсің бе? Базарға бара жатқандай, о несі... Егер дүкенде бар болса, май шамның шынысын ала сал... Артық етпейді ғой. Сосын ұмытып барады екенмін, үш-төрт килә кесек қант, тиын-тебен қалып жатса, үш-төрт құлаш дұрыстау сәтен әлде шыт мата көрсеңші. Анау бұтындағыны жаңартып берейін...

Сонда бұдан әріге шыдамаған Шерімбет:

— Бергенің бес сом ғана, ал сұрап отырғаның бес дорба ғой,— деген екен.

«ПИҒЫЛДАРЫҢ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ»

Шерекең түнде келе жатып терең орға күмп етіп түсіп кетеді. «Өлген-ақ шығармын»,— деп, үн-түңсіз біраз жатады. Әлден уақытта барып есін жиған Шекең сипалап жүріп, өзі түсіп кеткен терең ордың қазылып жатқан құдық екенін біледі. Абырой болғанда, мертікпегеніне қуанады. Орнынан абайлап түрегеліп, бойын тіктеп қолын жоғары созып көреді, масқара — құдықтың жиегіне қолының ұшы да жететін емес. Жан-жағында саусағына қармалар ештеңе ілінсейші. Жүрегі одан бетер зуылдап қоя береді. Жарықшақтанған даусының қалай шығып кеткенін де білмей қалады:

— Ей! Ей!... Шерімбет құдыққа түсіп кетті. Тездетіп

шығарып алыңдар! Естимісіңдер... Шерімбет құдықта жатыр!..

Әлдеқайдан құмыға, тұншыға жеткен дауысты самаурын қойып жүрген тойшы әйелдер естіп, Шекеңді құдықтан «ойпырымдап» шығарып алыпты.

— Жеті қараңғы түнде бұл жақтан не іздеп жүрсіз?— дейді әйелдер сықылықтап.

— Шерімбет құдықта жатыр, шығарып алыңдар демесем, ешқайсың да мені іздемейді екенсіңдер. Пиғылдарың белгілі болды,— депті сонда ол ренжіп.

Ж а н а т Е л ш і б е к.

УАҚЫТ ТАБЫ

Бірде құрдасы Табыл:

— Оу, Меке, біз жас кезімізде дәл бүгінгілердей емес едік қой,— дейді.

— Қандай едік?

— Қандай дері бар ма, біздің ұятымыз көптеу еді ғой.

Сонда Мергенбай:

— Ойпырмай, ал одан сен қашан айырылғансың? — деген екен.

ҚАБІЛЕТ

— Меке, осы сізді аудандық Кеңеске төраға етіп сайлап жіберсе, істей алар ма едіңіз?— дейді өзін үнемі жоғары ұстап жүретін кеудемсоқтау Науан.

— Істей алмасын.

— Неге?

— Сен сияқты жігіттерді аттап өтіп барып, ондай қызметті атқару бір түрлі ыңғайсыз ғой,— депті Мергенбай.

МАЙДАЛЫҚ

— Осы сіздің рабкоопта қойма меңгерушісі болып істегеніңіз бізге сор болды,— дейді бір күні Жауғаш деген жақын туысы Мергенбайды кінәлап.— «Ағаңның қоймашы болғанынан не пайда, одан бір зәру зат ала алмаған соң»,— деп, келіндеріңіз құлағымыздың құрыш етін жейді.

— Келіндерді кінәлап қайтейін, айтса, әйелдердің кішкентай өкпе-назы шығар. Соны маған жеткізіп, сөз етіп жүрген сендердің майдалықтарыңа қарным ашады ғой менің,— депті Мергенбай.

ЖОҚШЫЛЫҚТЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Мекенді сөзден ұстамақ болған Науан:

— Бұрынғы тоқшылық заманнан қазіргі жоқшылық заман жақсы деп дәлелдеуге қалай қарайсыз?— дейді.

— Баршылық пен таршылықтың айырмасы қандай болатынын білдік, ой-өрісіміз кеңейді, ал бұл аз ба?— депті Мергенбай.

ДҮНИЕ КЕЗЕК

— Қасен қайтыс болыпты, естіген шығарсыз, Меке? Соның орнын көптен көздеп жүр едім, соған сіздің беделіңіз керек болып тұр,— дейді Божан.

Сонда Мергенбай:

— Онан соң басқа біреу де сенің өліміңді тілер деп қорықпайсың ба,— депті.

АШТЫҚ ЖАЙЛАЙТЫН ЖЕР

Мекең — бойына артық жүк жинамайтын қағылездеу адам. Қатар отырған толықтау жолаушы әйел оны келекелеп:

— Осы сіз аштық жайлаған жерден келген жоқпысыз?— дейді.

Сонда ол:

— Аштық, сірә, аз тамақ ішетіндер тұратын жерде емес, біреудің несібесін екінші бір қомағайлар жеп қоятын жерде болса керек-ті,— депті.

М а м а д и я р Ж а қ ы п.

«МҮНДА ДА ҚЫЗЫЛ ЖАҒА БАР ЕКЕН ҒОЙ»

Ертеректе біздің елде Нұрқайыр деген бай, аңқау адам болған екен. Сол кісі отызыншы жылдары атышулы тәркілеуге ілігіп, дүние-мүлкінен, малынан айырылыпты. Өзі қашып Қереку жаққа кетіп қалыпты. Сөйтіп, жолда келе жатса, алдынан атқа мінген милиционер шыға келеді. Сонда Нұрекең жарықтық:

— Астапыралла, мына жақта да қызыл жаға бар екен ғой,— деген екен.

««ШАМПАН КУШАЙ»

Жылқышылардың ауылы жайлауда отырған кез Жылқы суаратын үлкен астау жасауға Гриша деген жігіт келіп, жұмыс істеп жатқан-ды. Бірде түс кезінде қымыз ішіп, ерігіп отырған Шұғайыл деген бас жылқышы орысшаға «аса жетік» Күлбән деген жеңгемізге:

— Анау Гришаны қымыз ішуге шақырып келші,— дейді.

Сөйтсе ол «осы қымыздың орысшасы қалай еді?» деп, күйеуі Бақриденнен сұрайды. Ол орысшаға одан өткен «жүйрік» болғандықтан:

— Шампан дейтін шығар,— деп соға салады.

Сонда жеңгеміз Гришаға барып:

— Әйда дамой, шампан кушай,— деген екен.

ЖАЛҒЫЗ БАС ✓

Біздің ауылда тілі өткір, өзі қыңырлау Қошан деген ақсақал болған еді. Бірде Қошкеннің үйіне ауданнан өкіл келіп қонады. Шай басында шынтақтап алып, шайды «ысқыртып» жатқан Қошкеннің тақыр басына өкілдің көзі түседі. Ол кісінің басы ойқы-шойқы, сыйықсыздау болатын.

— Ақсақал, басыңыз неге кедір-бұдыр?— дейді өкіл. Сонда Қошкен:

— Е, құдайдың берген жалғыз басы — осы. Жүз бастың ішінен тандап алды дейсің бе,— деп шайын сораптап, жантайып жата беріпті.

ЖОҒАЛҒАН АТ

Біздің ауылда Жиенбай деген момын кісі болған. Бірде жирен қасқа атын сабылып үш күн іздепті. Тау-тауды кезіп, шапқылапты. Ақыры бір ауылға келіп:

— Әлгі менің жирен қасқа атымды көрдіңдер ме? Үш күннен бері таба алмай жүрмін,— дейді.

Сонда жігіттердің бірі тұрып:

— Қария, мына астыңыздағы не ат? — деп сұрайды.

— Ой, әкеңді... Астымда тұр екен ғой,— деп ауылына қарай шаба жөнелген екен Жиекен.

Серік Олжабай.
Қарағанды облысы.

КҮРЕСТЕН АБЫРОЙ ЖАЗБАҒАН

Бір мерекеде жиналған халық палуан күрестіріп, ат шаптырып, жаяу жарысқа шығып, мәре-сәре болып жатса керек. Сол кезде балалар күресі, палуандар күресі, шалдар күресі, әйелдер күресі деген болатын. Кезек

шалдар күресіне келген кезде жұрт кеу-кеулеп Маяуыз ақсақал мен Нұртай ақсақалды ортаға шығарыпты.

Екі ақсақал ұстаса кетеді. Жасында палуан болған Нұрекең Майкеңді алып ұрады ғой. Содан үсті-бастарын қағып, екеуін тұрғызып жатса, Майкең жұдырықпен Нұрекеңнің жағынан бір қойыпты.

— Оу, Майке, мұныңыз қалай? — деп, жұрт шу ете қалады.

Сонда Майкең:

— Біздің тұқымға төбелестен болмаса, күрестен абырой жазбаған,— деген екен.

«ҮЙГЕ СЫЙМАЙСЫҢДАР»

Біздің ауылда Төртеу деген кісі болды. Сол кісі бірде жолаушылап Балқашқа барған екен. Түнделетіп жеткен Төкең біреудің есігін қағады.

— Бұл кім?— дейді іштегі адам.

— Төртеу,— дейді Төкең.

— Төртеу болсаңдар, үйге сыймайсыңдар,— деп, үй иесі есікті ашпай қойыпты.

«ОРЫНШАМЫЗ»

Біздің бір ағайымыздың кішкене кезі болса керек. Бірде мектептен келгенде әкесі:

— Балам, халың қалай?— деп сұрайды.

— Орыншамыз, әке,— дейді сонда баласы.

«Япыр-ау, мынау не деп кетті?» — деп ойлаған әкесі мектепке барып білсе, баласы класында қалып қойған екен.

БЕС ДАМБАЛ

Баяғыда біздің ауылдың бір кісісі жол жүріп келе жатып, бір үйге қонады. Жоқшылық кез. Жатар кезде

тері шалбарын шешіп жіберсе, ішкімі жоқ екен. Сонда әлгі кісі ұялғанынан:

— Қап, үйде бес дамбалым бар еді, кемпірім бірін де кигізбепті ғой,— депті.

Сүйіндік Жанысбай.
Қарағанды облысы.

ЖҮРІСІНЕН ТАҢУ

Бірде Жеңіс күні мерекесінде Жұмабек ағайдың үйінде болғанымда, ағайдан майданда көрсеткен ерліктері туралы айтуды өтіндім. Ол бір сәт ойланып алды да:

— Бір күні барлауға шықтық. Жау шебіне жақындай бергенімізде, қарсы алдымыздан үш неміс солдатты шыға келгені бар емес пе. Екеуі — алда, біреуі — артта. Біз немістің мундирін киіп алғанбыз. Кім екенімізді біліп қоймасын деп, оң қолымды ербең еткіздім де, әлгі құрғыр «хайл» деген сөз тіліме оралмай сасқалақтап, «ассалаумағалейкүм», — деппін.

— Алейкүмәссалам, — деді соңғы «неміс».

— Қазақша білетін ол не қылған неміс?

— Сөзді бөлме, оның екі немісті айдап келе жатқан қазақ екенін жүрісінен таныдым, — деді Жүмеке ағай.

«КӨЗІМЕ ТИІП КЕТСЕ...»

— Екі жақ андысып, шабуылға шығуға бұйрық күтіп окопта жатқанбыз. «Бұл иттер не істеп жатыр екен? Қарайыншы», — деп дүрбіні алып көтеріле бергенімде, жау оғы құлақ түбімнен зу еткені. Ыза болғаным соншалық — орнымнан қарғып тұрып, жұдырығымды түйіп: «Атаңа нәлет сұм фашист, оғың көзіме тиіп кетсе қайтесің?» — деп айғай салдым, — деді Жүмеке.

А. Нұрғазин.
Қарағанды облысы.

БАҚАЙ МЕН ТҰЯҚ

Көршілес екі ауданның малшылары жаз жайлауға шыққанда, далада бір-бірімен кездесе қалады. Екеуі де аттан түскен бойы қол алысып, амандық-саулық сұрасады.

— Сіздің есіміңіз кім болады?— дейді бірі екіншісіне.

— Бақай!

— Ойбай! — депті сонда екіншісі.— Екеуіміз де бір сираққа тұрмадық қой, менің есімім — Тұяқ!

БЕЙТАНЫС АДАМ

Қыстың көзі қырауда алыстағы қыстақта мал бағып отырған Ишанғали деген озат малшының үйіне бір топ уәкіл келе қалады. Амандық-саулықтан кейін малшыға бұрыннан таныс уәкіл қонақтарды таныстыра бастайды. Солардың ішінде біреуі аталмай қалады.

— Хал-жағдайларыңыз, шаруаңыз қалай? Нендей бұйымтайларыңыз бар? — деп, жаңа уәкіл малшыны сұрақпен бастырмалата бастайды.

Сонда малшы: — Қарағым інішек, мына кісіні обкомнан, мына кісіні райкомнан, ана кісіні крайкомнан дедіңіз, енді төртінші кісіңізді таныстырмай кеттіңіз ғой, ол мен бұрын көрмеген бейтаныс адам, — деген екен. Бәрі сол шаруашылықтың парткомына таңдана қарап қалады.

Сөйтсе, мұнда бұрын ат ізін салмаған жаңа парткомның уәкілдерге ілесіп, «қонақпен бірге қонақ боп» келіп тұрған беті болса керек. Осыған қиыққан малшы парткомды сырттай білсе де, жорта танымай

қалады. Малшыға не айтарын білмеген «қонақтар» келген іздерімен тайып тұрыпты.

Ха мен Ұбанов.
«Лібішін» совхозы,
Чапаев ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Торғай бойында Айса Егізбаевты білмейтін адам кемде-кем. Ол жайындағы аңыз әңгімелер облыстық, республикалық газет-журнал, кітап беттерінде де жиі жарияланып жүр. Айса — өмірде болған адам. Ол кісі 80 жасында қайтыс болды. Айса ағамыздың бірер әңгімесін назарларыңызға ұсынамыз.

СИЫР ІЗДЕУ ТӘСІЛІ

Сырттан келген бір топ орыс ағайындар Айсаға кездесіп қалып:

— Қай жерде балық көп, сонда алып барыңыз,— деп өтінеді. Айса келісе кетеді. Өйткені сиыры жоғалып, соны іздеуге көлік таба алмай отырса керек.

Олар бір өзенге келеді. Айсекең машинадан секіріп түсіп, жан-жағына қараған күйі сұқ қолын суға малып жіберіп, қайта суырып алып, жалап:

— Бұл өзенде балық жоқ,— дейді.

Тағы бір көлге келеді. Тағы да жаңағы ісін қайталап, Айсекең «балық жоқ» дейді. Сөйтіп біраз жерді шарлайды. Әбден шаршап, «енді қайттім» деп тұрғанда, жоғалған сиырының үстінен түсіпті. Сонда Айсекең тағы да қолын суға малып жіберіп, жалап-жалап, тамсанып:

— Вот, осы көлде балық много!— депті.

КІМ КҮШТІ?

Айсекең күреске шығатын кісідей екі білегін түрініп, мықынын таянып, қоқиланып отыр дейді.

— Ассалаумағалейкүм! — деп, сырттан кірген кісіге ол арақтың босаған шишасын нұсқап:

— Анауың құлап қалды, мен әлі отырмын, — депті.

Торғайлық жерлестерімнің әр кездері әр қилы сәттерге байланысты айтқандарының кейбірін оқырмандар назарына ұсынып отырмын.

ТҮТІН ШЫҚПАЙТЫН МҰРЖА

Жолдас (торғайлық атақты айтқыш) басқарма болғандықтан, ауылдарға жиі шығып, аралап тұрады. Бірде ол шаруа бабымен жүріп бір үйге түседі. Үй иелері Жөкеңе дастарқан жайып, қазан көтере қоймайды. Жөкең кашанғы отырсың, қош айтысып, сыртқа шығып кетеді. Ол шығысымен үй иелері пешке отын салып, тұтата бастайды. Сөйтсе, пеш тартпай, түтін әрі кетудің орнына бері шығып, үй іші көк ала түтін болады. «Апырай, мұнысы несі?» — деп, қақалып-шашалып үй иесі сыртқа шықса, мұржаның үстіне сөмкесін қойып Жолдас отыр дейді.

— Жөке-ау, неғып отырсың ол жерде? — десе, Жолдас:

— Сіздің үйдің мұржасынан түтін шықпайтын болған соң, қай үйдің мұржасынан түтін шығып жатыр екен, соны көріп алайын деп едім, — депті.

Үй иесі ұялғанынан Жөкеңді қайтадан үйге шақырып, жақсылап қонақ етіп жіберіпті.

Жолдас бір үйде қонақта отырғанда, ет турап отырған үй иесі жілікті Жөкең мен қасындағы кісінің ортасына қойыпты. Қайсысына ұсынғанын біле алмай, екеуі де жілікке көздерінің астымен қарап, алмай біраз отырады. Қасындағы кісі шыдамай жілікке қол соза бергенде, Жолдас ит болып «ыр» ете түсіпті. Қонақ шошып кетіп, қолын тартып ала қойыпты.

— Қонақты шошытып, Жөке-ау, мұныңыз не?— дейді үй иесі. Сонда Жөкең:

— Енді екеуі талассын дегендей, сүйекті ортамызға тастаған өзіңіз емес пе, қолымызға неге ұстатпайсыз?— деген екен.

МАЙ СҰРАУДЫҢ ТӘСІЛІ

Жөкең тағы бір үйде отырғанда, үй иелері дастарқанға май қоюды ұмытып кетіпті. Сөйтсе, Жөкең нанды үзіп алып, майға батырып жеп отырған кісіге ұқсап, дастарқанның бір шетіне сүйкеп жей беріпті. Мұнысын байқап қалған үй иесі:

— Жөке-ау, не істеп отырсыз?— дейді таң қалып.

Сонда Жолдас:

— Дастарқанның бір шетіне май жұғып қалған екен, соған нан батырып жеп отырмын,— депті.

Содан соң үй иелері кешірім сұрап, дастарқанға май әкеліп қойыпты.

КӨСЕМНІҢ АЛДЫНДА

Бір ауылдасы Жолдастан:

— Көрінбей кеттіңіз ғой, қайда жүрсіз?— деп сұраса, Жолдас:

— Сталиннің біресе алдында, біресе артында жүрмін ғой, әйтеуір,— депті.

Сөйтсе, Жөкең бұл сөзді «Сталин жолдас», «Жолдас Сталин» дегенді негізге алып айтып тұр екен...

АУЫЗДЫҢ АЗДЫҒЫ

Атақты «Тас мешін» толғауының авторы Әбіқай Нұртазаұлының баласы Ахметхан Әбіқаев шешен, ақын, домбырашы, әнші, жыршы — сегіз қырлы, бір сырлы кісі еді. Ол кісінің қасында алты ай бірге жүрсеңіз де, бір айтқан әңгімесін екі қайталамай, бірінен соң бірін ағылтатын. Тіпті әңгіме қызығына түскенде, тамақ ішуге де қолы тимей қалатын. Сондайда Ахаң:

— Шіркін, құдай әу баста Ахметхан қып жаратқан соң, екі ауыз неге бермеді екен, бір аузым сөйлеп отырғанда, екінші аузым тамақ іше берер еді ғой,— дейтін.

БІР СӨЗДІ БІР СӨЗ ТҮРТЕДІ

Ахаң бір әңгімеден соң бір әңгімені ағылтады да отырады. Сондайда біз:

— Аха, осының бәрі қайдан шыға береді?— деп таң қаламыз. Сонда ол:

— Шырақтарым, бір сөздің құйрығын бір сөз түртеді,— дейтін.

СОМТЕМІР ЕМЕС, СЫМ ТЕМІР

Ахаң бірде ауыл арасында келе жатып, үй арасына керілген сымға соғылып, алдыңғы тістерін опырып алыпты. Мұны естіген Ғалым Сомтеміров деген құрдасы:

— Тісіңе не болған?— деп қазбалап сұрай берсе керек. Сонда Ахаң:

— Онда нең бар, тісімді опырған Сомтемір емес, сымтемір!— деген екен.

ӨШІРЕТ

Ахметхан Әбіқайұлымен ең соңғы рет сексенге аяқ басқан шағында жолықтым. Ахаң ақ таяғына сүйеніп тұрып, ентіге сөйледі:

— Қарақтарым, сендер аман болыңдар, біз өлімнің өшіретінде тұрған адамдармыз ғой!

ЖҮКЕҢНІҢ ЖАУАБЫ

Ахметхан бірде көрші аудандардың біріне қонаққа барады. Шалдармен әңгімелеседі. Сөзімен де, көп білетіндігімен де, өнерімен де бәрін таң қалдырады. Тіпті әңгіме білмейтіндері Ахаңның зеректігін, білгіштігін өтірікке жориды. Өйткені бір адам осынша біледі, бәрін жадында сақтай алады дегенге сенбейді.

Арада біраз уақыт өткен соң, сол ауданға Ахаңның жан жолдасы Жүсіпбек Салықов деген кісі барады.

— Ахметхан деген келіп кетті. Өзі өтірікті өкіртеді екен. Ата-бабанды айтсаң болды, «пәленнен пәлен, түгеннен түген туған» деп, өзі тудырғандай айта береді екен. Шамасы, өзі жынды-ау,— дейді ауылдың бір шалы.

Сонда Ахаңмен бірге өскен Жүсіпбек қарт:

— Иә, ол жынды. Оның жындылығы сол — әңгімені қай жерде айтатынын білмейді. Кім болса соған, түк білмейтіндерге, әңгіме түсінбейтін жетесіздерге, парықсыз пақырларға әңгіме айтады,— депті.

САҚТЫҚ

Туған құдам Досан деген кісі қартайған шағында қысы-жазы тоңып ауыратын болды. Сол кісі бір күні кемпіріне:

— Егер өліп қалсам, үстіме қара тonymды жаба салшы,— дейді.

- Неге?— деп таң қалады кемпірі.
— Тоңып қаламын ғой...

ТОННЫҢ ЖАЗАСЫ

Торғайдың «Шилі» деп аталатын ауылында Молдабек деген кісі болды. Бірде Молдекең қоңыр күзде жолға шығыпты. Күн суытып кетсе, қажет болар деп, арбаға тонын сала салса керек. Арба ойлы-шұқырлы жерлерде теңселіп соққан кезде, тонның бір жеңі салбырап түсіп кете беріпті. Қайта-қайта түзеп қояды, қайта-қайта түсіп кетеді. Әбден ызаға булыққан Молдекең: «Түскің кеп келе жатыр екен, түскенді көрсетейін мен саған»,— деп, тонның салбырап келе жатқан бір жеңін кесіп алып, лақтырып жіберіпті.

АУЗЫНА ҚАРАП...

Торғай облысындағы Жангелдин ауданының бірінші хатшылары бұрын көбіне-көп сырттан келетін. Сондай хатшылардың бірі келіп, біреу жақсы, біреу жаман екен деп, әр түрлі пікір айтып, таласып жатса, Сәмен Жаңабергенов деген ағамыз:

— Қандай кісі екенін айтып берейін, сол хатшыны маған көрсетіндерші,— депті. Танитын кісілер «Әне, анау кісі» деп, сыртынан нұсқап жібереді.

Сәкең байқатпай ол жағынан бір, бұл жағынан бір шығып, жаңа хатшының дорбадай аузына қарап тұрып:

— Анау ауыз ішіп-жемейді дегенге сенбеймін,— депті.

Ағамыздың айтқаны айдай келіп, сол хатшы ішіп-жеп, жауапқа тартыла жаздап, ақыры шақ құтылды...

СОҒЫМ САРЫ

Торғайда «Тоғызыншы ауылдың сықағынан сақта» деген мәтел бар. Десе дегендей, бұрынғы тоғызыншы ауыл — қазіргі «Қызбел» совхозы әзілқой ауыл. Жаңадан барған адамның түр-түсіне, мінез-құлқына байланысты өздері ат қойып алады. Мұны білетін қаладан барған бір уәкіл:

— Маған ат қоя алмайды,— деп шіреніпті.

Бір кезде ауыл адамдары «Соғым сары, соғым сары» деп, әңгіме айтып отыр дейді. Сөйтсе, жаңағы уәкіл толық, сары кісі екен. Аузын ашып-жұмғанша әзілқой жігіттер оған ат та қойып үлгеріпті.

ЖАРҚАНАТ ПЕН МАРҚА

Үйдің қасына машина келіп тоқтағанын дыбысынан біліп отырған үй иесі баласына:

— Бар, сыртқа шығып қарап келші, келген кісілер кімдер екен?— дейді.

Баласы сыртқа шығып, қайтып келіп:

— Жарқанат пен Марқа ғой,— депті жайбарақат қана.

Қонақтар ештеңе түсінбей, аң-таң қалады.

Сөйтсе, жарқанаты — қалқан құлақ ауданның прокуроры да, марқасы — Марқабай деген шашы бұйра совхоз директоры екен.

ТАҒЫ БІР АУЫЗ ✓

Қуанышбек деген қуақы жігіт бар, екі-үш адам далада бір шыныны ортаға алып отырғанда, тағы бір кісінің төбесі көрініпті. Сонда Қуанышбек:

— Ойбай, тезірек ішіп қояйық, тағы бір ауыз келе жатыр,— депті.

ҚҮДІРЕТТІҢ ҚҮДІРЕТІ

Нақып деген молда бір күні ойланып отырып-отырып:

— Құдай да құдіретті-ау, адамның алақандай бетін өзгертіп шығара береді, шығара береді,— депті.

АРМАН

Құрманбек деген жездемнің әкесі жүзге жақындап қайтыс болды. Ол кезде балалары — Құрманбек пен Төлепберген елуден асқан еді. Жұрт: «Тоқсан алтыға келді, бала-шағаларының қызығын көрді, бақытты шал ғой»,— десіп жатса, Құрекең мен Төкеңнің құрдастары:

— Жарықтық бір арманын орындай алмай кетті-ау,— деп қоймайтын көрінеді.

— Ол қандай арман?— дейді жиналғандар. Сонда құрдастары:

— Ең болмаса бір ұлын пенсияға шығарып кете алмады-ау,— депті.

АЙЛА ✓

Әбіл деген ағамыз бірде машинасымен жүйткітіп келе жатып, бір әйелді қағып өтіпті. Зәре-құты ұшып кеткен ол машинадан түсе салып, әйелдің бетіне үңілсе, еш жері жарақаттанбаған, сап-сау дейді.

Енді бұл пәледен қалай құтылудың жолын ойлаған Әбекен:

— Қап, мына қатын әлі өлмеген бе, мен мұны қайта қағып өтейін,— деп, машинасына қарай жүгіреді. Осы кезде «әзірейілге де жан керек» деген емес пе, әйел «ойбай» деп ұшып тұрып, қаша жөнеліпті.

КІНӘНІ ЖУУ

Қарақұм — аудан орталығынан шалғайлығы болмаса, «Қарақұм дегенше, қарағым десеңші» деп, ел мақтаған, малға да, жанға да жайлы жер, құтты қоныс.

Әбіл ағамыз жұмысынан бір ши шығып, кінәлі болып қалып, сырттан келген, жер жағдайын біле бермейтін аудан басшысына:

— Жүргінбаев жолдас, кінәмді адал еңбегіммен ақтайын, мені алыс Қарақұм қоныс орнына жіберіңіз,— депті.

«АҚША ЖОҚ»

Көп жыл есепші болып істеген Сабыр деген кісі сабырлы болғанымен, құлағы ауыр еститін, қисықтау, қырсықтығы баршылық адам. Совхоз кеңсесіне келген кісі жайдан-жай келмейтінін білетін ол жұмысында отырғанда, «Ассалаумағалейкүм» деп кіріп барғандардың сәлемін алмай-ақ:

— Ақша жоқ!— дейді екен.

«ДИРЕКТОР БОЛҒЫҢ КЕЛСЕ...»

Совхозға жаңа директор келіп, алыс-беріс болып жатса керек. Жаңа директор есеп-қисап қағаздарын тексеріп, аударыстырып қарап отырса, біраз цифрлар қызыл қарындашпен қоршалып қойыпты. Сабыр ағамыз болса — бас есепші.

Директор Сәкенді шақырып алып:

— Мыналар неге қызыл қарындашпен қоршалған?— деп сұрайды.

Сонда Сәкең аспай-саспай, байыппен, аузын толтырып сөйлейтін әдетімен нығыздай сөйлеп:

— Директор болғың келсе, білесің, бала!— депті.

Сөйтсе, қызылмен қоршалғандар қағаз жүзінде есепте бар да, қазынада жоқ дүниелер екен...

ХОЗРАСЧЕТ ПЕН БЕЗРАСЧЕТ

Шаруашылық есеп дегеннің шарықтап, елдің есін алып тұрған кезі. Сабыр ағай жиналыста сөйлеп тұр дейді:

— «АН—2»-ні қайық етіп, «К—700»-ді ат қылып мінсеңдер, хозрасчеттарың безрасчет болмағанда қайтеді?!

Шынында да, совхоз басшылары жазғытұрым су тасып, жайылып кеткен кезде алты-жеті шақырым ауылдарға «АН-2» самолетімен немесе «К-700» тракторымен барады екен.

«Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген осы да.

ШЫНДЫҚ ШЫРАЙЫ

Аудан басшыларының бірі телефон шалып:

— Сәке, шөп шабу науқанынан мәлімет беріңізші,— дейді.

«Қырып-жойып жатырмыз» деп, жалған мәлімет беріп, үкіметті де, өздерін де алдайтын тоқырау заманның кезі ғой.

Сабыр ағамыз:

— Шырағым, алдымдағы жайылғаны бойынша айтайын ба, әлде шындықтың шырайын шығарып, сейфтегісін айтайын ба?— депті.

АЛМАТ ШАЛДЫҢ АЙТҚАНЫ

Орекең Алматы деген ағайымыздың әкесі Алматы деген кісі ұзақ ғұмыр кешті. Сол кісіге біреу жолығып қалып, сәлем беріп, хал-жағдайын сұрапты. Күз айы болса керек. Сонда Алматы қарт:

— Айналайын, биыл да Орекеңнің үйін қыстап шығамын ба деп қорқамын,— депті.

ҚАТЕ ТҮСІНІК

Облыстан ауданға келген уәкіл совхоздың егістік алқабын аралап жүріп, бригада жетекшісіне:

— Кәне, қартаңды алып келші,— дейді.

Ойын картасын сұрап тұр деп ойлаған бригада жетекшісі:

— Осы жерде сызып жібереміз бе?— депті.

ӘБДІРАХМАН

Жолдастарым Серік пен Кеңшілік мен біреудің атын ұмытып қалсам болды, «ой, Әбдірахман» деп күлетін. Іштей «Әбдірахман деген кім болды екен»,— деп ойлап жүретінмін. Сөйтсем, Әбдірахман дегендері өз әйелінің атын ұмытып қалып, «Әлгі колхоздың қара қатынының аты кім еді?»— дейтін кісі екен...

ДАЛАДА КІМ КӨРЕДІ?

Әбдірахмен — Ақшығанақ ауылынан шыққан алғашқы шопырлардың бірі екен. Ол кісі ел жоқ жерде машинасын ақырын жүргізіп, ауыл шетіне кірісімен құтыртып, құйғыта жөнелетін көрінеді. Ауылдастары мұның себебін сұраса:

— Тәйірі, сендер де қызық екенсіңдер, далада қатты жүргеніңді кім көріп жатыр, ауылда бәрі байқайды. Со-сын «шіркін, машина айдасаң, Әбдірахмандай айда!» демей ме?!— депті.

«КЕТТІК, ҚАТЫН, ҚОЙФЕРМАҒА!»

Есет — қарапайым, шаруа адам. Әйелі Қамила колхоз кезінде ферма меңгерушісі болған, көрікті, ақылды адам еді. Есет сол кісінің көшірі болды.

Сұлуға кім қызықпаған?! Ауданнан келген уәкілдер Есет күйеуі екенін білмей, атқосшысы ғана деп ойлап, онша елемей, «сұлу әйел екен, өзін айналдырып көрсө қайтеді, күйеуі кім болды екен» деген сияқты әңгімелер айтатын көрінеді. Сонда Есет Қамила арбаға мініп жатқан кезде, аттың божысын қаттырақ қағып жіберіп, завферма әйелдің күйеуі екенін білдіргісі келіп, уәкілдерге естірте:

— Кеттік, қатын, қойфермаға!— депті.

ЕКІ ШАЛДЫҢ ӘҢГІМЕСІ

— Құрманғали құдайы жасап жатыр екен, бармайсың ба?

— Галошым жаңа, несіне барамын?!

— Галоштың не қатысы бар?

— Біреу-міреу ауыстырып киіп кетіп жүрер...

— Е, енді түсіндім, бұрын ескі галошыңды жаңасына ауыстыру үшін ғана барып жүр екенсің ғой...

— Қымбатшылық заманда сақтанбайсың болмайды!

ҚАРҒЫДАҒЫ ЖАЗУ ✓

Бір жылдары Қостанай қаласында мойнында қарғысы жоқ, бұралқы иттерді ату туралы қаулы шығыпты. Сонда Әшім Хакімов деген кісі итінің мойнына қарғы тағып, қарғыға «Хакімов Жолдыаяқ» деп жазып қойыпты. Көрген кісілер күліп, «мұныңыз не?» десе, «е, несі кім екенін білсін» дейтін көрінеді. Қайран әулие қазағым-ай!..

Серікбай Оспанұлы.

КҮН КӨРСЕТПЕУ...*

Жолдас (белгілі торғайлық айтқыш) колхозда — басқарма, ауылдық Кеңес төрағасы болып көп жыл қызмет істеген екен. Бірде ол аудандық Кеңес төрағасын ашудандырып алады. Ол: «Мен енді саған күн көрсетсем көрерсің»,— деп кіжініпті. Жөкең сол күні кешке әлгі әкімнің көршісінің үйіне келіп қонып, ертеңінде күн шығар-шықпаста әкімнің терезесін қағады.

Әкім:

— Жөке, құлқын сәриден оятып, тығыз не шаруаң бар еді?— деп сұрағанда, Жолдас:

— Әу, кеше «күн көрсетпеймін» деп едіңіз, анау күн шығып келе жатыр, енді қайтем?— деген екен.

КӨК ТАЙҒАҚТЫҢ КЕСІРІ

Бірде Жөкеңді обкомның бюросына шақырыпты. Қостанай мен аудан арасы сұрапыл алыс. Қыстың күні болса керек. Әбден сілесі қатып, обкомның алдында шаршап тұрған Жөкеңнен бір танысы:

— Жөке-ау, неғып тұрсың мұнда?— деп сұраса, Жөкең:

— Обкомның алды көк тайғақ мұз екен, содан жығылып, жамбасым сынды ма, әйтеуір аяғымды баса алмай тұрмын,— депті.

Бақса, облыс басшысы Сағынбай Жанбаевтың басы қасқалау болса керек, Жөкең соны мегзеп тұр екен.

«ЖОҒАРЫ ШЫҒЫҢЫЗ!»

Бірде Жөкең обкомның дәретханасында тұрса, Жанбаев кіріп келеді. Сонда Жөкең: «Сәке, жоғары шығыңыз!»— деген екен.

* Қітапшадағы қалған материалдарды жинап, құрастырған — Мақсұтбек Ниязбеков.

ТОҚСЕЙІТ ПЕН БОҚСЕЙІТ

Жолдас қартайып, демалысқа шықса да, Арқалықтың боксит руднигінде бұрғылаушы болып істеп жүрсе керек. Бірде оған жұлдызы қарсылау Тоқсейітов деген құрдасы жолығып қалып:

— Жөке-ау, тұқшындап не істеп жатырсың?— дейді. Сонда Жөкең:

— Баяғыда Тоқсейіт пен Боқсейіт деген екі ағайынды кісі осы жерге көмілген екен. Соның Тоқсейіті табылып, Боқсейіті табылмай, соны іздеп жатырмын,— депті. Бақса, Боқсейіт дегені — боксит екен.

Ғ а ф у Қ а й ы р б е к о в.

«ОҚАСЫ ЖОҚ, АПАЙЛАР»

Бірде Нарынқол аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Есенаманов шофері ауырып қалған соң, «Волга» автомашинасын өзі жүргізіп келе жатады.

Жолда көлік күтіп тұрған екі әйел қол көтереді. Есенаманов тоқтап, оларды машинаға отырғызады.

Әлден уақытта Есенаманов әйелдерден:

— Апайлар, қайдан келе жатырсыздар?— деп жөн сұрайды.

— Біздер Лениннің (Ленин атындағы колхозды айтып отыр) қатындары едік, Крупскаяға бара жатырмыз (Крупская атындағы совхозды айтып отыр). Ал, өзін кім боласың, балам?— дейді әйелдердің бірі.

— Өздеріңіз Лениннің қатындары болсаңыздар, өздеріңіз күндестеріңізге бара жатсаңыздар, шоферлеріңіз де оңай болмады. Мен аудандық партия комитетінің бірінші хатшысымын,— дейді Есенаманов күліп.

— Ой-бұй,— дейді әлгі сөзшең әйел бетін шымшып, жанындағы құрбысына қарап.— Қарағым, бір білместік өтті бізден. Ұят-ай!— дей береді жүзін төмен салып.

— Оқасы жоқ, апайлар. Айта жүретін болдық. Сіздерде еш кінә жоқ. Бар кінә ауданымызда шаруашылықтардың Маркс, Энгельс, Ленин, Киров, Калинин, Крупская аталуында ғой,— дейді бірінші хатшы терең ойға батып.

ТУҒАН КҮНГЕ СЫЙ

Бір басшының туған күні аталып жатады. Біреу шапан, біреу бөрік, біреу сағат дегендей, әркім тапқанын тарту етеді. Басшының туған жылының тышқан екенін білген зергер оған сап алтыннан құйылған асықтай ғана тышқан сувенир сыйлапты. Бастықтың көңілі басқа сый-сыяпаттан гөрі әлгі тышқанға ауады. Құттықтап келгендер тарай бастағанда, бастық зергерге бұрылып:

— Сіз кідіре тұрыңыз,— дейді. Зергер қорқып кетеді.

Бастық:

— Сіздің сыйыңыз маған ұнады, мұны қалай жасадыңыз?— дейді.

Зергер:

— Қоспасы жоқ, таза алтыннан құйып едім, отағасы... — деп жауап береді.

— Келесі жылы жеңгеніздің мүшел тойы аталмақшы, оның жылы сиыр еді,— дейді бастық. Зергердің көзі аларып, не дерін білмей, отыра кетсе керек.

ТРАКТОР МАЙМЕН ЖҮРЕДІ...

Бір күні жер жыртып жүрген тракторшы Қапар әдеттегідей түстік ішуге оралса, тамақ әлі дайын болмаған екен. Оны көрген бригадир жігіт:

— Қапеке, тамақ піскенше біраз уақыт бар. Оған дейін жұмысқа шығып, жер жыртыңыз,— дейді.

Оның бұл сөзіне ашуланған Қапар:
— Трактор маймен жүреді, Қапар нанмен жүреді,—
деген екен.

Шәймерген Әлдибекұлы.

Астрахан ауданында Жәку Шахманов есімді сөзге шешен азамат болды. Оның тауып айтқан сөздері кімді болсын сүйсінтетін. Соның бір-екеуін ұсынып отырмын.

КІМ ЖҮЙРІК?

Бірде Жәку аудандық МТС-тің бас инженері Қим Терентий Павловичпен Есіл өзеніне суға түсуге барады. Терентий — қазақуар, қу адам-ды. Өзі Жәкумен құрдас та болатұғын.

— Жәке, екеуміз де жалаңашпыз. Жүк жоқ. Кел, жарысайық,— дейді ол бір кезде.

— Келістік,— дейді Жәкен.

Терентий алға түсіп, зымырап береді. Ал Жәку болса, жай бүлкілге басады. Сөйтіп, орындарына қайтып келген соң Терентий:

— Құрдас, аяғына жем түскен аттай боп, сен жүгіре алмадың ғой,— депті.

Сонда Жәку:

— Ит жегендер жүйрік болмағанда, мен жүйрік боламын ба?— деп салыпты.

«МЕН ДЕ СҰЛУ ЕМ»

Қорғалжын ауданының прокуроры Ысқақов Қопабай қызмет бабымен Астрахан ауданына ауысады. Бір күні сол үйге Жәку келеді. Үйде Қопабайдың жұбайы ғана

бар екен. Келіншек күйеуінің жамағайын туыстарының бірі болар деп ойлап, Жәкуді төрге шығарып, шай қамдайды.

Шай келгенде Жәку:

— Қалқам, тоңазытқышыңда бірдеңе болса, әкеле ғой. Сондайым да бар еді,— дейді.

Келіншек алып келеді. Жәку шайды асықпай ұзақ ішеді, жартылықты да тауысуға айналады. Күйеуі жұмыстан келе қоймаған соң, келіншек қыбыжықтап, әлсін-әлсін қонағына қарай берсе керек.

Сонда Жәкең:

— Қарағым, сендей сұлу келіншектер қайта-қайта қарай берген соң, қарайып кеткенмін. Әйтпесе мен де кереметтей сұлу болған едім бір кездері,— депті.

ЕЛ БАСҚАРҒАН ЖӘКУ

Ұлы Отан соғысының бәленбайыншы жылына арналған медальдарды майдангерлерге үлестіргенде, Жәкудің майданда болып, от кешіп келген бір құрдасы құр қалыпты. Ашу қысқан ол ауылдық Кеңес үйіне келсе, алдынан кеудесінде медалі жарқыраған Жәку шыға келеді.

— Ау, Жәке, сен майданда болған жоқ ең ғой, мына медаліңе жол болсын,— дейді әлгі Жәкене.

— Уа, құрдас, сен де қызық екенсің. Жеңіс күніне жеткізген Сталин Мәскеуде болғанда, мен ауылда ел басқарған Жәку емеспін бе? Сен өзің соны білмей қайда жүргенсің?!— депті.

*Төлеген Иматұлы қазір Астрахан-
ка селосында тұрады. Төкеңнің сөз-
ді тауып айтатынын ауыл-аймақ
жақсы біледі. Төкең айтты деген
біраз сөз ұсынбақпын.*

БӨТЕН ҚОШҚАР

Бірде бір топ жас біреуінің туған күнін тойласа керек. Жөкең деген жігіт мас болып, ұйықтап қалады. Кешкі шақ. Ауыл іші қой қоралатып, араласып кеткен қозы-тоқтыларын үйді-үйлеріне тасып, аласапыран болып жатады.

Жөкеңді қос қолынан ұстап, арқалап алған Төлеген де сыртқа шығады. Анадайдан мұны көріп қалған бір жолдасы:

— Арқандағы анауың не?— деп сұрапты.

— Бөтен қошқар ғой, үйіне апара жатырмын,— депті Төкең сонда.

КӨЗГЕ ТҮСПЕУ

Төлегеннің сұрбойдақ кезі. Жеңгелері:

— Ауылда қыздар көп, алпамсадай болып біреуінің көзіне түспей жүргенің қалай?— деп әзілдепті.

— Сендерге алпамсадай көрінгенмен, қыздарға құр-тақандай боп жүрген шығармын, тегі!— дейді Төкең.

«БАСЫҢЫЗДЫ ТАСТАП КЕТІҢІЗ»

Махмет — нағашы да, Төлеген — жиеншар. Төлегеннің қолы өжекті болған соң, Махмет бірде:

— Қалқам, ұстарамен шашымды алып бере қойшы?!— дейді Төлегенге барып.

— Басыңызды тастап кетіңіз, шашын алып, балаларыңыздан беріп жіберейін. Қазір қолым тимей жатыр, нағашы,— депті Төлеген.

ҚАЛҚАН ҚҰЛАҚ

Төлегеннің әкесі Иматтың малақай кисе, құлағын көтергенмен, бауы бар ұшы салбаңдап жүретін әдеті бар екен.

Бірде балалары үйге әкелінген шөпті үйіп жатады. Бір үйден қонақтан шыққан әкесі мен шешесі үстіне келеді. Қызыңқырап алған Имат: «Шөпті дұрыс үйіндер, маңын оңдап тазалаңдар»,— деп, біраз мылжыңдап тәштиіп тұрып алыпты. Сонда әкесінің ызың сөзінен жалыққан Төлеген:

— Апа, мына қалқан құлағыңызды алып кетіңізші!— депті.

«МОТОРЫ БҰЗЫЛЫП ПА?»

Таңертеңгілік кез болса керек. Пішен шауып, шөп тасып жүрген әкесі ат-арбасының арқауы жарылып қалған соң:

— Балам, арбамды оңдап берші,— дейді.

— Немене, моторы бұзылып па еді?— деп жауап беріпті Төлеген.

ЕКІ ІЗБЕН

Ерден де, Төлеген де — тракторшы, елдің де, жердің де қадірін білетін диқандар. Бірде екеуі моншаға бірге барады. Арқа ысу болады ғой. Әуелі Төлеген Ерденнің арқасын ысып береді. Ерден үндемей жуына береді.

— Ерден, арқамды ысып бер,— дейді Төлеген. Ерден:

— Егістіктей жалпақ арқанды қалай ысайын?— дейді. Сонда Төлеген:

— Сандалмай, екі слетпен (екі ізбен) айда!— депті.

ТҮТАС ЖҮТА АЛМАУ

Күз кезі. Шаруашылыққа жаңа бас зоотехник келіпті. Бөлімше меңгерушісі Төлегенге орманға барып, сынған, құлап құраған теректерден бір тележка (трактор арбасы) ағашты орталықта тұратын зоотехникке апарып беруі керектігін айтады.

Түс әулетінде Төлегеннің бір тележка ағашты орталыққа апара жатқанын меңгеруші көреді. Көп кешікпей, орталықтан сол жүгімен қайыра оралып келе жатқанын көріп, тоқтатады.

— Уа, мұның не? Неге үйіне түсіріп кетпедің? — деп дікілдейді меңгеруші.

— Анауың тұтас жұта алмаймын деген соң, қайыра әкеле жатырмын,— депті Төкен.

Сөйтсе, зоотехник рақмет айтудың орнына ағашты салуға лайықтап кесіп әкел десе керек.

«ПРОКАТҚА АЛҒАН ҒОЙ»

Төлегеннің құрдастары көп. Соның бірі ойламаған жерден бір қыз әкеліпті дегенде, Төлеген:

— Ешкіммен бұрын уәдесі жоқ еді. Прокатқа алған ғой, сірә!— депті.

БҰРҚЫРАҒАН НАН ИІСІ

Төлегенді достары үйлендірмекші болады. «Қойыңдар түге, босқа телімеңдер» дегеніне қарамайды.

Достары бірде:

— Сөйлес, таныс!— деп, қонақ қыз келген бір үйге апарады. Ретін де келтіріп, Төлеген мен қызды оңаша қалдырады.

Төлеген:

— Қайда істейсіз?— деп бастайды сөзін.

Қыз:

— Пекарняда (наубайханада),— деп жауап береді.

Төлеген:

— Бәсе, қайдан десем, бұрқыраған нан иісі сізден шығып тұр екен ғой!— депті. Қып-қызыл боп кеткен қыз үйден ата жөнеледі.

«ДӘМ ҚАЙЫРМАЙСЫЗ БА?»

Имат пен Базарбай — құрдас кісілер. «Әкесі құрдастың баласы да құрдас» деген бар ғой. Пішен науқаны қызған шақ. Әр пішенші үйінен сусын, тағам ала барып, үзілісте ортақтасып ауқаттанады екен. Кейін тамақты кезектесіп әкелетінді де шығарады.

Бір кезегінде Базарбай:

— Ау, бері келіңдер, жігіттер! Тамақтанып алайық,— деп шақырады. Бәрі жиналады.

Базарбай қоржынға қол салады. Бірінші болып қолына ескі малақай ілігеді. Әрі қарай әр түрлі кір киімдер шыға бастайды.

— Өй, мынасы несі, ішінді ұрайын!— деп таң қалып, бәрін жалма-жан қайыра қоржынына тығыпты. Сөйтіп, кір жиған сөмкені ауыстырып алып келгенін бір-ақ біледі.

Манадан бәрін көріп, тосып отырған Төлеген:

— Тұрмаймыз ба, әкей? Енді дәм қайырмайсыз ба?— деп, бата сұрапты.

Жұманов Жамай деген ақсақал жүзді қусырып, 1979 жылы дүниеден өтті. Өндіріс ауылының атын қойған, сол колхоздың алғашқы төрағасы болған сол кісі екен. Жамекең оқығаны жоқ, тоқығаны көп қарт еді. Ауыл ішінде «Жамай айтты» деген сөздер бір төбе. Қалың оқырман біле жүрсін деп, соның біразын қағазға түсірдім.

«ӨЛІП ЖАТЫРМЫН»

1936 жылы аталмыш колхоз Ақдөң деген жерге қауын, қарбыз егіпті. Мол да жақсы болып шықса керек. Жамай ол кезде колхозшы еді.

Жамекеңнің балалары ол кезде жастау екен. Қарбыз сұрап жылай берген соң, бірде түнде барып, жұртқа көрінбей, әкеп бере қояйын деп, бақшаға келіпті.

Қапқа үшеу-төртеуін салып, енді жүре берем дегенде, бір салт аттының келіп қалғанын көреді. Қас қылғандай, айдың да сүттей жарық болмасы бар ма.

Жамекең қапты тастай салып, етпесінен жата кетіпті. Салт атты колхоздың төрағасы екен.

— Уа, кімсің?— дейді.

— Жамаймын.

— Не қып жатырсың?

— «Өліп» жатырмын.

— Тұрсайшы.

— «Өлген» кісі тұра ма!

Басқарма бұрылып жүре беріпті.

ӘРКІМ БАРЫН МІНЕДІ

Жамайды сынап, сөзден токтату үшін елуінші жылдары колхоз басқармасы болған Әрсекеев Қабдолда небір оңтайлы сәттерді тосып жүреді.

Ол кезде Жамекең шаруашылықтың бойдақ малын, тайыншаларды жаяу бағады екен. Онда қазіргідей мал бағуға ат берілмейтін.

Жұрт «Жамекең малды тайыншаға мініп бағады екен» дегенді шығарады. Үйі Төстібастағы Төбе ауылында тұратын. Түс шағында басқарма ат жеккен тарантаспен Төстібастың дөңіне шыға келсе, Жамекең де жұрт айтқандай, тайыншаға мініп, үйіне шай ішуге келе жатады. Басқарманың мақсаты — сөзден тосып, ұялту.

— Ассалаумағалайкүм, Жамеке!

— Уағалайкүмассалам, балам!

— Уа, отағасы, мұныңыз не, бұзауға мініп?— дейді басқарма.

— Е, қарағым-ай, әркім қолда барына мінеді ғой,— депті қария сөзді басқарманың өзіне тірей. Сөзден тосылған бәсекең бұрылып, жөніне жүре беріпті.

ҰРЛЫҚ ҚАЙДА?

Ауыл орталығында сонау 1934 жылдары салынған астық сарайы әлі тұр. Шаруашылықтың бар мүлкі, құрал-сайманы, астығы, себер тұқым «Ақ сарай» деп атап кеткен сол сарайға сыяды екен.

Бірде басқарма мүшелерінің түгел қатысып отырғанын пайдаланып колхоз төрағасы:

— Уа, Жамеке, қазір ұрлық қайда жүр?— дейді.

— Жер-көкке сыймай, қайда барарын білмей, сасқанынан ұрлық мына тұрған Ақ сарайыңа кіріп кеткен жоқ па?!— депті Жамекең.

Отырғандар ду күліпті.

Төлеген Бақтыбаев.
Астрахан ауданы,
Ақмола облысы.

«ТІЛГІРӘМ ҰРМАҚСЫҢ ҒОЙ...»

Жүніс Мүсәпіров деген ауылдың бір ақсақалы жасы сексенге аяқ басқанша «ақаңнан» қаймықпаған көрінеді. Бірде Жүкеңнің үйіне Алматыдан қонақ келеді. Жүкең қонағына қой сойып, даладай дастарқанын жайып салады. Адал асқа арам «ақаң» да араласып кетеді. «Қағып салудан» Жүкең де қалыспай отырса керек. Бұған таңданған қонағы:

— Ақсақал, нешеге келдіңіз?— деп сұрайды.

— Құдай бұйыртса, биыл сексенге шығамын,— дейді Жүкең.

— Пайғамбар жасынан баяғыда-ақ асып кетіпсіз, құдай алдына барғанда не деп жауап бересіз?— дейді қонағы.

— Алматыдан келдің ғой, шырағым, оның үстіне оқыған адамсың, сол құдайың бар ма, соны айтшы,— дейді Жүкең.

— Құдай ақы, білмеймін,— дейді қонағы.

— Ендеше, мен айтайын, құдай бар,— дейді Жүкең.

— Бар болса, оның тұрағы қайда, айтыңызшы?

— Әй, қу бала,— дейді сонда Жүкең,— сен менен құдайдың әдірісін біліп алып, Алматыға барған соң «Жүніс арақ ішіп жүр» деп тілгірәм ұрмақсың ғой, ә?..

Қабден Есенғарин.
Саржал селосы,
Абай ауданы,
Семей облысы.

АУЫЛДЫҢ АЙТҚЫШТАРЫ

Бірінші кітапша

Құрастырған — **Жанат Елшібек**

Суретшісі — **А. Дүзелханов**
Көркемдеуші редакторы — **Ж. Болатаев**
Техн. редакторы — **Г. Сәбитова**

ИБ № 825

Терімге 3.09.93 тапсырылды. Басуға 30.11.93 қол қойылды. Форматы 70×108^{1/32}.
Типографиялық қағаз. Жоғары тәсілмен басылған. «Әдеби» қаріп түрі.
Шартты 2,45 баспа табақ. Есептік 1,89 баспа табақ. Таралымы 50 000 дана.
№ 1116 тапсырыс.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің
«Өнер» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің баспаханасы. 480016, Алматы
қаласы, Қ. Маркс көшесі, 15/1.

